



Til va adabiyot.uz

ILMIY-METODIK ELEKTRON JURNAL
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ ЖУРНАЛ
SCIENTIFIC-METHODOLOGICAL ELECTRONIC JOURNAL

«Til va adabiyot – Преподавание языка и литературы – Language and literature teaching» (e-mail: tilvaadabiyotuz@gmail.com) <https://oak.uz/pages/4802>

8
DEKABR

**O‘zbekiston Respublikasi
Konstitutsiyasi qabul
qilingan kun**





Til va adabiyot.uz

ILMIY-METODIK ELEKTRON JURNAL
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ ЖУРНАЛ
SCIENTIFIC-METHODOLOGICAL ELECTRONIC JOURNAL

Bosh muharrir

Nargiza BERDIYEVA

Tahrir hay'ati:

Nizomiddin Mahmudov
Yorqinjon Odilov
Jabbor Eshonqulov
Baxtiyor Daniyarov
Abdurahim Nosirov
To'liq Saydaliyev
Barno Buranova
Zulxumor Mirzayeva
Qozoqboy Yo'ldoshev
Bahodir Jovliyev
Salima Jumayeva
Qayum Baymirov
Manzar Abdulxayrov
Alijon Safarov
Husniddin Norqulov
Odiljon Boynazarov
Madina Nuriddinova
Latifa Xudayqulova
Barno Kadirova
Nargiza Mirzayeva
Guli Shukurova
Yuldosh Raxmatov
Ramziddin Abdusatorov
Feruza Manukyan
Gulchexra Keldiyorova
Gulsanam Xolikulova
Komiljon Qarshiyev
Svetlana Umirova
Xolmo'min Fayzullayev
Nilufar Namazova
Dilbar Niyazova
Sayyora Halimova

Axborot hamkorimiz:



Muharrirlar:

Bibimaryam RAHMONOVA
Shabnam G'ANIYEVA
Bonu DO'SMATOVA

Sahifalovchi:

Mahliyo ABDUQODIROVA

Tahririyat manzili:

100038, Toshkent shahri
Matbuotchilar ko'chasi 32-uy.
Telefon: (97) 737-74-16,
(98) 121-74-16, (90) 322-87-16.
e-mail: tilvaadabiyotuz@gmail.com

M U N D A R I J A

Dolzarb mavzu

Halim Saidov. "Sayohatnoma" da faktlardan foydalanish masalalari.....3
Abdulhay Sobirov, Jahongir Siddiqov. Nomlarni to'g'ri yozish – davr talabi.....5
Userbay Baykabilov. Kitap madaniyatining qalptasuyuning tarixi-filosofiyaqlyk neqizderi.....8

Tilshunoslik

Mardon Rahmatov. Lirik matnning fonik tuzilishi.....11
Nasiba Yarashova. Bolalarga xos matnlarda metafora lingvomadaniy fenomen sifatida.....13
Ravshanxo'ja Rasulov. Harakatning holati fe'llarining ma'no tuzilishi.....15
Sitora Turaboyeva. O'zbek tilida "do'st" va "begona" konseptual birliklarining leksik-semantik xususiyatlari.....18
Dildor Eshmuratova. Diniy birliklarning stilistik xususiyatlari.....22
Qodirjon Mo'ydinov. Sud nutqi leksikasi birliklarining sinonimik va graduonimik munosabatlari.....24
Dilnoza Abdurasulova. Feministik tilshunoslik va uning shakllanish tarixi.....27

Adabiyotshunoslik

Odiljon Avaznazarov. Alisher Navoiy dostonlarida yo'l obrazi.....29
Feruza Burxanova. Zamonaviy o'zbek qissalarida ruhiy kechinma va ifoda mahorati.....31
Zamira Djurabayeva. Normurod Norqobilning "Ena bo'ri" qissasi lingvopoetikasi.....35

Nilufar Umarova. XX asrning 70-80-yillari o'zbek she'riyatida milliy etika muammosi.....38
Гульчехра Давлятова, Тимур Аюпов. Художественные приемы раннего В.О. Пелевина.....40

Ilg'or pedagogik texnologiyalar

Dildora Kaxarova. Bo'lajak o'qituvchilarni inklyuziv ta'limga tayyorlashda kompetensiyaviy yondashuvning o'rni.....43
Nilufar Suleymanova. Ta'lim jarayonida multimedia va videokontentlardan foydalanish samaradorligi.....46
Gulnoz Turayeva. Pedagogika yo'nalishi talabalarini o'qitishda multimedia texnologiyalarini qo'llash samaradorligini tahlil etish.....48
Surayyo Inomjonova. Fentezi asarlarni zamonaviy adabiy ta'lim metodlari yordamida o'rganish.....51
Muhabbat Maxmudova. Boshlang'ich sinf o'quvchilarida matn yaratish ko'nikmasini shakllantirish.....56
Muxabbat Mirazimova. Maktabgacha yoshdagi bolalar kompetentligini shakllantirishda induktiv metodning o'rni.....55
Jo'raali Solijonov. Garri Potter romanlaridagi frazemalarni tarjima qilish muammolari maktabgacha ta'lim yo'nalishida ingliz tilini virtual muhitda o'rganish innovatsion metod va platformalar tahlili.....58
Malohat Shomurodova. Maktabgacha ta'lim tashkiloti tarbiyachisining ifodali o'qishga o'rgatish mashg'ulotlariga



kreativ yondashuvi.....	61
Oysha Rajabova. Xorijiy tillarni noan'anaviy usullarda o'rgatish.....	63
Дилфуза Умарова, С. Ш. Норкулова. Интерактивные методы обучения русской литературе в школах с узбекским языком обучения.....	66

Tadqiqot

Latofat Tashmuxeimedova. Tanlangan asarlar to'plamining tahriri.....	69
Muhayyo Ergashova. Lokalizatsiya munosabatining ifodalanishi.....	71
Dildor Otajonova. Ixtisoslashgan ovozi xabar lingvistik ekspertizasi.....	73
Sayyora Samiyeva. Grammatikaning metodik va psixolingvistik talqini.....	75
Saodat Muminova. Milliy she'riyatda hayot mazmunini badiiy idrok etish.....	78
Normurod Avazov. Milliy uyg'onish davrining milliy kitobi.....	80
Aziza Shodikulova. Metonimiya hosilalarining kognitiv-diskursiv tahlili.....	82
Arofotoy Muydinova. Bositxon Hariqiy muvashshahlari.....	84
Gulsanam Xolikulova. Seydi Ali Raisning "Mir'otul mamolik" asarida Muhammad Humoyun davri adabiy muhiti tasviri.....	86
Nigina Hojiyeva. Boburnoma asarining yana bir jilosi : meva nomlari timsolida.....	89
Kamolaxon Oripova. Badiiy matnda o'xshatishlarning turlari va vazifalari.....	92
Sarvinov Ahmadova. Multimodal lingvistika: internetdagi kontent va uning strukturasi.....	94
Raxima Kurbonova. Gipotaktik qurilmalar derivatsiyasi va ularning monopropozitiv strukturalari.....	97
Жандос Байзаков. Абай поэзиясындағы философиялық сарын.....	100
Нигора Каримова, Хуснидабону Ботинова. Лингвистическая стилизация в языке произведений русских и узбекских писателей.....	102
Лайло Элмурадова. Эстетическое значение русского глагола в художественной литературе.....	105
Андрей Павлюк. Восточные жанры и образы в поэзии Фархада Юнусова.....	107
Елена Попова. Случаи переносного употребления форм прошедшего совершенного времени.....	110
Nurzod Norqulov. Nasriy asarlarning shakllanish tarixidan.....	113
Ro'zigul Primova. Davr nasrida urush voqeligi tasviri va ma'naviy-axloqiy qadriyatlar.....	115
Diyora Nurimova. Usmon Azim va Muhammad Yusuf asarlari lirik diskursida metafora.....	118

Shodiya Maxamadjonova. Shekspir asarlarining lingvistik xususiyatlari.....	120
Zarina Suvonqulova. Shermuhammad Munis Xorazmiy va uning adabiy merosi.....	123
Solijon Azizov. Zamonaviy tilshunoslikda badiiy diskurs talqini: lingvistik, kognitiv va pragmatik xususiyatlar.....	125
Guzal Shodiyeva. Siyosiy diskursda siyosiy tilning madaniy konstruktivligi.....	128
Gulizebo Yusupova. Dunyo tilshunosligida musiqa terminlarining tadqiqi.....	130
Ilxam Sahaniyazov. Hujum taktik harakatlarini amalga oshirishda yosh futbolchilar jismoniy holatlarining ahamiyati.....	133
Dilshod Bobojonov. Gazeta sarlavhalarining yaratilishida pragmemaning roli (ingliz va o'zbek tillari misolida).....	136
Muyassar Jumabayeva. Cognitive grammar: application and challenges in teaching grammar to diverse learners in Uzbekistan.....	140
Kamola Saidova. The evaluation of education process.....	142
Dilbar Ibragimova, Mukhabbat Mukhammadieva. The role of english in medicine.....	145

Pedagogika

Muzayyan Xolmatova. Boshlang'ich ta'lim pedagogikasining rivojlanishida xalq pedagogikasining o'rni.....	148
Gulnoza Xasanova. Maktabgacha ta'lim yo'nalishi talabalarining pedagogik qobiliyatlarini rivojlantirishda ta'lim paradigmasi tamoyillarining ahamiyati.....	150
Malika Ergasheva. Imkoniyati cheklangan o'quvchilar uchun uydagi ta'limni tashkil etishning pedagogik shartlari.....	153
Saodat Kasimova. Iqtisodiy universitetlarda ingliz tilida ishbilarmonlik muloqoti ko'nikmalarini rivojlantirish uchun rolli o'yinlardan foydalanish.....	155
Farzona Olloqulova. O'quvchilarda konsentrizm asosida tadqiqotchilik elementlarini shakllantirishda ona tili darslarining ahamiyati.....	158
Диёра Бобоназарова. Дискурс анализ – как главный инструмент декодирования информации.....	160
Алсу Гарифуллина. Художественные особенности и стиль корня чуковского в сказке «Муха-цокотуха»	163
Орзигул Ибрагимова. Компоненты тематической группы «одежда» в «Словаре русского литературного языка» А.И.Федорова.....	165
Елена Уфимцева. Экспрессивность как лингвистическая категория языка.....	168
Малика Темирова. Орфографические и пунктуационные особенности интернет.....	

коммуникации.....	171
Тимур Хамракулов. Структура кода интеллектуального детектива «Код да винчи» - как нарративной модели Д.Брауна.....	174
Shokhida Kasimova. Enhancing secondary school students' speaking skills: principles and techniques for educators.....	177
Shoira Sarimsakova. The exploration of uzbek culture based on "cultural onion" model.....	180

Psixologiya

Ra'no Alimardanova. Onalarning farzandlar kelajagiga ta'sirini xorij va o'zbek olimlari tomonidan o'rganilganligi.....	183
Dilfuza Shabbazova. Boshlang'ich sinf o'quvchilari tarbiyasiga ta'sir etuvchi omillarni o'rganish.....	186
Madina G'ofurova. Zulfiya Qurolboy qizi hikoyalarida xarakter yaratish mahorati.....	188
Olim Kodirov. Reflective teaching perspectives of el teaching in uzbek schools.....	190
Екатерина Югай. Эффективные методы применения информационных технологий для развития творческого мышления у младших школьников.....	193

Kichik tadqiqot

Nilufar Turg'unova. Til o'qitishdagi ayrim yondashuvlar xususida.....	196
Mohinur Farmonova. Struktural adabiyotshunoslikda badiiy matn tadqiq manbasi sifatida.....	198

Nargizaxon Madaminova. Maktabgacha ta'lim yo'nalishida ingliz tilini virtual muhitda o'rganish innovatsion metod va platformalar tahlili.....	202
Mahliyo Sattorova. Farhod va Shirin xalq dostonining janriy xususiyatlari.....	206
Shaxnoza To'rayeva. Imlo savodxonligi xususida tajribaviy tadqiq.....	209
Dilnoza Sa'dullayeva. Ingeborg Baldauf izlanishlarida Fitrat - millat qahramoni.....	213
Boxodir Ilxamov. Reklamalarda foydalaniladigan shiorlarning kelib chiqishi va ularning nazariy asoslari.....	216
Munisa Abduazizova. Konsept nazariyasi va uning tarkibiy tuzilishi tahlili.....	218
Gulnoza Djurakulova. O'zbek xalq dostonlarida "ot egarlash" epik formulasi.....	221
Nigora Nurmuxmmadova, Dilnora Ibrogimova. Aholi orasida gelmintozlarni tarqalishini oldini olishda axborot texnologiyalarining ahamiyati.....	228
Ziroatxon Ubaydullayeva. Ta'lim sohasiga doir birliklarning giponim va giperonimik munosabatlari.....	230
Мохицехра Журобоева. Звуковой повтор в языковой структуре романа Е.И. Замятина «Мы».....	233
Гузал Хуррамова, Муштарий Аликулова. Метод глобального чтения.....	235
Озода Нормуродова, Зулфия Сафарова. Интерактивные технологии в преподавание русского языка в английских группах.....	238

qilingan [9]. Ushbu hujjatlarga asosan nomlarni to'g'ri qo'yish, to'g'ri ishlatish va imlo qoidalariga mos ravishda yozish tilni baquvvat qiladi, uning qonun-qoidalarini mustahkamlaydi, yozuv an'alarining boqiyiligini ta'minlaydi. Aksincha hollarda biz erishgan barcha narsamizni boy berib qo'yishimiz tayin. Bizni bunday taqdirdan Yaratganning o'zi saqlasin!

Foydalanilgan adabiyotlar

1. Ўзбек тилининг изоҳли луғати, 5 жилдлик, 3-жилд. – Т.: Ўзбекистон миллий энциклопедияси давлат илмий нашриёти, 2007. 688 б.
2. Алишер Навоий. Мукаммаал асарлар тўплами. – 20 жилдлик. – 8-жилд. – Фарҳод ва Ширин. – Т.: Фан, 1991. – 595 б.
3. Қўзиёев У. Ўзбек тилидаги изоҳли луғатларда ўзлашма сўзлар таҳлили. Монография. – Наманган, 2016. – 168 б.
4. Саидқодирова Д. Инглиз ва ўзбек тилларида интернет терминларининг лингвистик тадқиқи: Филол. фан. бўйича фалсафа доктори (PhD) ... дисс. автореф. – Т.: 2018. – 57 б.
5. Лутфуллаева Д., Сапарниязова М. Нейминг: тилда ном яратиш технологияси // Ўзбекистонда хорижий тиллар. – 2020. 6-сон (35). – 7-16 б.
6. Исакова Н. Мустақиллик йилларида ўзбек тилига кириб келган хорижий сўзларнинг таркибий-мазмуний таҳлили (“Халқ сўзи” газетаси материаллари асосида): Филол. фан. бўйича фалс. докт. (PhD) ... дисс. – Самарқанд, 2020. – 164 б.
7. Bo'tayev Sh. Irisqulov A. Inglizcha-o'zbekcha va o'zbekcha-inglizcha lug'at. – Т.: Fan, 2009. 480-б.
8. Раҳмонов Т. Ҳозирги ўзбек тилидаги арабча ўзлашма сўзлар семантик тузилишидаги ўзгаришлар: Филол. фан. номз. ... дисс. – Наманган: 1994. – 120 б.
9. lex.uz.



Усербай БАЙКАБИЛОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Өзбек тіл білімі кафедрасы доцент м.а.
userbajbakabilov856@gmail.com

КІТАП МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация: бұл мақалада кітап мәдениетінің қалыптасуының тарихи-философиялық астарлары мәселесі қозғалады. Атап айтқанда, кітаптың негізгі құндылықтық бағдарлары, оның экзистенциалдық мағынасы, эстетикалық негіздері туралы баяндалады. Сонымен қатар, тарихтағы кітап құрылымы мен түркі-қазақ мәдениетіндегі ескерткіштер туралы сараптамалар жасалады. Кітап бүгінгі қоғамының рухани дамуына игі ықпал ететіндігі туралы тұжырымдар жасалады.

Кілтті сөздер: кітап, мәдениет, құндылық, тарих, ескерткіштер, мазмұн, мәтін, кітап оқу т.б.

Аннотация: В данной статье затрагивается проблема историко-философских основ становления книжной культуры. В частности, рассказывается об основных ценностных ориентациях книги, ее экзистенциальном значении, эстетических основах. Кроме того, будет проведена экспертиза структуры книги в истории и памятников тюркско-казахской культуры. Делается вывод о том, что книга благотворно влияет на духовное развитие современного общества.

Ключевые слова: книга, культура, ценность, история, памятники, содержание, текст, чтение и т. д.

Annotation: this article touches upon the problem of the historical and philosophical foundations of the formation of book culture. In particular, it tells about the main value orientations of the book, its existential meaning, and aesthetic foundations. In addition, an examination of the structure of the book in the history and monuments of the Turkic-Kazakh culture will be carried out. It is concluded that the book has a beneficial effect on the spiritual development of modern society.

Keywords: book, culture, value, history, monuments, content, text, reading, etc.

Адам баласы жаратылғаннан бері бүгінгі күнге дейін бес қоғамдық-экономикалық формацияны бастан өткізді. Соның ең бастапқы кезеңі алғашқы қауымдық құрылыс деп аталады. Ол дәуірдегі адамдар шындығында, тек қана өмір сүрудің әдістерін ғана бірте-бірте игере бастады, кәсіптері тек эволюцияға бейімделу және тәндік-қоректік қажеттіліктерді қанағаттандыру еді. Одан соң, қоғамдық сана біртіндеп руханилықты аңсады. Ол әрине, идея мен рухтық ұмтылыстар еді. Бастапқыда руханилықтың бастаулары мифологиялық көзқарастар түрінде қалыптасқандығы белгілі. Бірақ мифтердің ауызша мәдениеті ұрпақтар сабақтастығы мен олардың

тарихи жадысы арқылы сақталғанмен, тілдесу мен жазудың қажеттігі өздігінен пайда болды. Себебі, идеялардың ұмыт болуы мен ақпараттарды бұрмалау жиі кездесіп отырды. Міне сондықтан да, жазу мәдениеті құрылды. Ол жазу көне замандағы ағаш пен тасқа жазудан бастап, кітап түріне қарай ауысты. Себебі, кітап – бірнеше ақпараттарды сыйдыра алатын қабілетке ие болды. Біздің эрамыздың екінші ғасырында көне Қытайда қағаз басу ісі қолға алынғаннан кейін оны кітап деп атай отырып, осы мәдениетті өркендетуді олар жолға қойған еді. Осыдан бастап, адамзат баласының мәдениеті кітап оқу мәдениетімен тығыз байланысты болып шықты. Ғарифолла Есім айтқандай: «Адам - мәдениеттің басты тұлғасы әрі оның өлшемі. Мәдениет дегеніміз – адамға берілген еркіндіктің өлшемі. Адам, қоғам, ұлт және т.б. туралы ілімдердің бәрі де, яғни, мәдени ізденістердің барлығы да мәдениеттің феномендері болып табылады» [1, 2 б.].

Олай болса, мәдениеттің рухани және материалдық салалары бар екендігін негізге алсақ, рухани мәдениеттің материалданған негізі осы кітапқа тығыз байланысты деп айта аламыз. Кез-келген кітап сол заманның мәдени ахуалын құрайтын жемісті мәдени идеялардың ықпалымен қалыптасады. Кітап жазушының (мейлі, ол жазушы, мейлі ол ғалым болсын) мәдениетке қызығушылық танытуы міндетті болмаса да, оның кітабындағы, мәдени композициясындағы эмоциональды-мазмұндық мән мен кітаптағы мәтіндік талдау мәдениеттілікті құрайды. Кітап арқылы берілген хабарды кеңістікке шығаруға, қашықтыққа жеткізуге, уақыт бедерінде жадында қалдыруға адам әлемі араласады. М.Н. Куфаев: «Адамдық әлем жалпы мағынасында – Кеңістік пен Уақыт әлемі, ал, оның түйіні – мәдениет. Мәдениет адамзат тарихын адамдық ететін, оның жалғастығы мен мұрагерлік құпиясын ашатын күш екендігі даусыз» [2, 47 б.], -деп тұжырымдаған болатын. Кеңістік пен уақыт әлемі аясында мәдениет адамзат бар болып отырғанда өмір сүре береді. Адамзат мәдениетінің сабақтасуының негізгі тірегі ол кітаптық жазу. Бұл тұста кітап тек жинақталған мәтіндердің жиынтығы ғана емес, бүкіл жазба мәдениеттің концентрацияланған жадылық баспалық бейнесі. Белгілі философтардың пікірінше, адамзат мәдениет тарихындағы дүниежүзілік дәуірлердің өзгеруінің мәні болып табылатын өзгерісті сәтті бастан кешуде. Жазба мәдениет, кітап дәуірі аяқталып, бұқаралық мәдениет компьютер дәуірі басталады [4, 47-48 б.]. Қазіргі кезеңде, кітаптанушылардың ой түйіндеуінше, кітаптың философиясын, мәдениеттануын әзірлеу қажеттілігі туындады. Автордың, кітаптың және оқырманның өзара қарым-қатынасы, жаңа жағдайлардағы кітаптың рөлін анықтау және электронды ақпарат тасымалдағыштардың рөлі кең философиялық-мәдениеттанулық ойлауды талап етеді. Біз кітап мәдениетінің философиялық астарларын бы-

лайша жіктеп көрсете аламыз. Біріншіден, кітап өздігінен аксиологиялық құндылық. Өйткені, кітап және оны оқу тек физиологиялық психологиялық процесс емес, ол адамның жан-дүниесін, білімін жетілдіретін перфекционизм. Перфекционизм адамның тұлғалық жетілуін қалайтын бағдар болса, бұндай жетілу тек төндік қана емес, рухани өрлеуді қатар алып жүруді негізге алады. Сондықтан да, кітап оқу арқылы рухани жетілу бойынша кітаптар материалдық негіз болып табылады. Сондықтан да кітаптың құндылығы өздігінен айқындалады.

Екіншіден, гедонистік-экзальтациялық тұрғы. Кітап оқу тек бос уақытты өткізудің форматы немесе еріккеннің ермегі емес, ол адамзат баласындағы таным мен дүниеге көзқарасты қалыптастырудың бастапқы ашық жолдары. Кітап, жалпы алғанда, бос уақытты пайдалана отырып, адамның өзіне рухани ләззат алуға ықпалдасады. Әрине, әрбір тұлғаның қоғамдық өмір саласына деген қызығушылы әріқилы. Сондықтан, тұлғалар өздеріне қызықты материалдарды таңдайды. Үшіншіден, экзистенциалдық, яғни адам өмірі мен құндылығын және тағдырын айқындауға да септігін тигізетін. Мәселен, кітап оқу барысында, оның мазмұнына байланысты адам өзінің ішкі дүниесіне үңіледі. Ол феноменологиялық ұстанымға да сай келеді. Кітап мазмұны арқылы адам өзінің өмірін қайтадан құра алады. Себебі, мәтіндер мазмұны сол жазушы адамның өзінің көзқарасы болса да, басқаларға игілікті ықпал етуі мүмкін. Төртіншіден, герменевтикалық ұстаным. Бұл кезде кітап мазмұны негізінен алғанда толық түсіндіруді қажет етеді және ол оқырманның түсінуімен байланысты. Герменевтикалық қағидаларды басшылыққа алсақ, оның мазмұны адамның өзін көруі мен өзін қайтадан тануы. Кітап осы тұрғыдан алғанда, тек философиялық емес, психологиялық-философиялық астарларды иеленеді. Кітап мазмұнын түсіндіру мен түсіну ол айрықша бөлек мәселе. Мазмұн тек рационалды идеялардан құралмайды, эмоционалдық та мағына жамайды. «Кітап философиясы - кітаптың принциптерін анықтайтын философиялық пән, бір жағынан оның болмысы мен дамуын, екінші жағынан оны тануды анықтайтын», - деп жазды М.Н.Куфаев [2]. Кітаптың онтологиялық негіздемесі болмаса да, ол өзінің эстетикалық қырларын таныта алады. Осыған орай, келесі, бесінші мән, ол – кітаптың эстетикалық жағы. Мәселе оның сыртқы формасында немесе көлемінде емес, адамның кітаппен байланысында болып отыр. Мысалы, кейбір оқырман кітапты өздігінше «сүйе алады». Қазақтың тілінің сөздік қорында «Сүйіп оқитын кітап» деген ұғым да бар. Р.С. Әбдиева айтқандай, кітап мәдениеті – ұлтымыздың рухани-мәдени саласындағы, ұлттық эстетикалық көзқарасындағы, ұлттық танымындағы өзіндік орны бар құбылыс [4, 48 б.].

Кітап тарихы – мәдениет тарихы. Тәуелсіздік жылдарындағы кітап оқу ісінің алға қойған мақсатта-

ры дәстүрлі мәдениетіміздегі ақтаңдақтар ақиқатын ақтаумен бірге, болашаққа бүтіндей бір халықтың рухани қазыналары мен мәдени мұраларын, салт-дәстүрін ұлттық рухани қазақы түсінік-таныммен танысу еді. Ел экономикасы ілгерлей бастаған қазіргі кезеңде ұлт тағылымын тереңдете түсу, әлемдік өркениеттер қатарына қосылу, ертеңгі болашақтың нық негізін салу мәселелері алда тұрған мақсаттардың бірі. Сондықтан, бүгінгі жастар кітап оқу ісін мәдениетіміздің жүйеленген көрінісі ретінде қабылдауы, руханилығымыздың өркендеген жемісті нәтижесі деп білуі керек. «Адам мен адам арасындағы қарым-қатынас – дүниедегі ең күрделі мәселенің бірі. Оның сырын ұғуға барша адамзаттың қашаннан-ақ мүдделі болып келгені белгілі. Бірақ адам жөнінде қанша айтылып, қанша жазылса да, оның сыры әлі де түгел ашылып болған жоқ. Адамдар арасындағы қуаныш пен қайғыны, сүйіс пен оның іс-әрекетін, қиял арманын құрметтеу жайларын сөз ететін құралдардың бірі кітап болып табылады. Сонау көне заманның тағдырларынан хабар берген кітап, мәдениеттанулық арнада жүйелеушілік қызмет атқарады.

Мәдениеттің басқа түрлерімен салыстырғанда кітаптың өмір көрінісін қамту мүмкіндігі де мол. Мысалы, сәулет, музыка, мүсін өнерлері өмірдің бір ғана құбылысын, жеке бейнесін көрсетсе, кітап өмірді түгел алып суреттейді, тіпті, бір кітапта бүкіл елдің тарихы қамтылады. Сондықтан оны өзін тудырған қоғамның айнасына теңесек артық болмайды, өйткені өткен қоғамның тіршілігі мен ой санасының өрісін кітаптан оқимыз. Өткен дәуірлерде өмір сүріп, игілікті істер жасап кеткен бабалардың кейінгіге қалдырған өсиеті мен аманатын да кітаптан табамыз. Кітаптану ғылымы кітап өндіру, тарату және оны пайдалану жолдарының жалпы теориялық және методология жақтарын қарастырады. Кітап тарихы кітап және кітап ісінің өсу, өркендеу жолдарын зерттейді. Белгілі орыс кітаптанушысы А.А.Сидоров: «Кітап – мәдениет деген жалпы ұғымның ажырамас бөлігі...» [6, 203 б.], – деп, кітап тарихын кітап өндірісінен кеңірек аяда тексеру қажеттігін дұрыс атап көрсеткен болатын. Кітаптың тарихи кезеңдегі хал-ахуалы сол кезеңдерде өмір сүруші елдер экономикасы мен мәдениетін айнасы. Қай мәдениет болмасын өз жүйесін кітаптан табары сөзсіз. Кітапсыз мәдениет ошақтарын жүйелі күйде болашаққа жеткізу өте қиын іс. Кітаптың қоғамдық қатынас құралы, әлеуметтік қызметі әрқилы сипатта көрінеді. Кітап – адамзат білімінің алтын сандығы. Бәрін мида, есте сақтау қиын. Ой-сезім жалт

еткен найзағайдай. Тарихи оқиғалар, оған қатысқан адамдар жазуға түспесе, аңызға айналып кеткендігін қазақ ауыз әдебиетінің көп туындылары дәлелдейді. Ал, Орхон-Енисей тас кітабы бізге сонау көне замандағы түркі бабаларымыздың кешкен өмірінен бағалы мағлұматтар береді.

Кітап – прогресс кілті. Кітапты жазу процесі шығарма туғызады. Сөйтіп, адам ойын, парасатын алға жетектейді. Сонымен, кітап оқу ісін мәдениеттің жүйеленген көрінісі ретінде қызмет жасауы түрлі бағытта жүзеге асады: біріншіден, өткен кезеңдердің тарихынан сыр шертеді; екіншіден, түрлі мәдениеттегі құндылық атаулыны жүйеге келтіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді; үшіншіден, ғылымның әр саласын зерттеп түсіндіруде, тұжырым жасауда үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ, адамды рухани қалыптастыруда, эстетикалық-этикалық танымын кеңейтуде, гуманистік-моральдық принциптерге бой алдыруда атқаратын қызметі зор. Ақыл-ойдың алтын қазынасы болып табылатын кітап оқу ісінің қазіргі күндегі сипатын түйіндеп айтар болсақ: біріншіден, қай ғасырда, қай кезеңде болмасын кітап оқу, халықтық әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты болды. Екіншіден, қазақ кітап оқу арқылы алғашқы қалыптасуы түркі халықтарына ортақ мәдени мұралармен танысты. Үшіншіден, тәуелсіздік жылдарында шыққан кітаптардың негізгі сипаты – тарих, әдебиет, өнер, мәдениет, салт-дәстүр турасындағы бұрмаланған тұжырымдарды дереу жоғалтып, ұлттық болмысты қайта жаңғырту болды. Ұлттық сананы жаңаша пайымдау, қазіргі заманғы әлемдік өркениет үлгісіндегі ұғымдар мен түсініктерді өз топырғымызға жақындату, ұлттық дәстүрлі дүниетанымымызды сақтай отырып, бүкіл адамзаттық құндылықтарды игерудің тиімді жолдарын іздестіру сияқты мәселелерді бүгінгі кітаптардан кездестіруге болады.

Қорытындылай келе, қандай мемлекет болмасын, ол өз халқының күш-қуатына, дәстүрлі дүниетанымына, бай рухани қазынасына арқа сүйейді. Ал, әрбір адамзаттың өз елінің адал да абзал азаматы болуы үшін оған білім, рухани байлық пен терең ойлылық керек. Кітап – ұлттың және адамзаттың ми орталығының (мозговой центр) тірегі, қоғамның қозғаушы күші. Кітап арқылы халық әлемді таниды, ал, әлем кітап арқылы бір ұлтты, халықты таниды. Болашақ тағдыры – бүгінгі жастардың қолында. Оған қазір көп нәрсе қажет. Санасын саралауға, ойын даңалауға ең қажеттісі де, керегі де кітап десек артық айтқандық болмас.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байкабилов У., Ботирова Ш. Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті. Т., 2022.
2. Есім Ф. Философиялық пайымдаулар // Қазақ әдебиеті. Алматы, 1997.
3. Әбдиева Р.С. Кітап мәдениеті. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 148 б.
4. Каирбекова А.Г. Онтология книги в контексте культуры // Мир философии.-М.: Наука, 2001. - 313 с.
5. Каримуллин А.Г. Из истории печатного слова. М.: Наука, 2009.-147 с.
6. Куфаев М.Н. Проблемы философии книги. Книга в процессе общения/ М.Н.Куфаев. – М.:Наука, 2004. - 188 с.
7. Сидоров А.А. Искусство книги. М.: Искусство, 2013.-265 с.